**Автор**: Анаргуль Нуржанова Кадирбаевна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Қазақстандағы ұлттар достастығы
**Тақырып**: Қазақстан халқы Ассамблеясы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Т/А5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау<br>Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.<br>ӘТН2.Орфоэпиялық норма. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: тыңдалым мазмұнын түсінеді, талқылайды.<br>Көптеген оқушылар: сұрақтарға дәлелді жауап береді.<br>Кейбір оқушылар: проблемалық сұрақтар құрастырады, өмірмен байланысты нақты мысалдар келтіреді. |
| Тілдік мақсаттар: | Ел ішіндегі бірлік, бейбітшілік пен тұрақтылық, бір шаңырақ астында, ұлттар мен ұлыстар, ассамблея, бірегей институт |
| Күтілетін нәтиже: | • Сұрақтарға толық, дәлелді жауап береді.<br>• Мәтіннен деректер келтіреді.<br>• Өз жауабын басқа жауаптармен салыстырады.<br>• Сұрақтарды талқылайды |
| Бағалау критерийлері: | • Сұрақтарға мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап береді.<br>• Өз жауаптарын басқа жауаптармен салыстырады, талқылайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Ұлтаралық татулық, достық. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Әлеуметтік желілер |
| Пәнаралық байланыс: | тарих |
| Бастапқы білім: | Ұлттар достығы-басты байлығымыз |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 мин) | Сәлемдесу.<br>Қызығушылықты ояту. Адасқан әріптерді дұрыс орналастырып, 3 сөз жазыңыз.<br>Тақырыпты анықтап көріңіз.<br>АЛЫТУҚТ, ҚСОТАДСТЫ, ІІКБРЛ, ХААРЛТЫҚ Мұғалім ОМ мен БК таныстырады. | Үлестірмелі қағаздар<br>Слайд 1,2,3 |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(30 мин) | Тыңдалымалды сұрақтар:<br>1. Қазақстан қандай мемлекет?<br>2. Қазақстанда қанша ұлт өкілі тұрады?<br>3. Олардың арасындағы қарым-қатынас қандай?<br>https://www.youtube.com/watch?v=LKpLzxcROgY<br>Қазақстан халқы ассамблеясының тарихы (1,49)<br>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.<br>1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өз жауабыңызды өмірмен байланыстырыңыз:<br>1. Алғашқы этномәдени орталықтар қашан және не үшін пайда болды?<br>2. 1992 жылы барлық этнотоптардың орталығын құру мақсатында қандай шешім қабылданды?<br>3. Бірегей институт қалай аталады?<br>4. Қанша конфессия, ұлт өкілдерін біріктіреді?<br>5. Бүгінде бұл қандай орган?<br>6. Ұйымның сессиясы қаншалықты жиі өткізіледі?<br>7. Өз сессияларында ұйым қандай мәселелерді қарастырады?<br>8. Еліміздегі бұл ұйымның қызметі қаншалықты маңызды?<br>9. Халықтар арасындағы достастықты сақтауға қосқан үлесі қандай?<br>10. Осы ұйымнан басқа елімізде ұлттардың мәдениетін сақтауға қандай істер атқарылады? «Аяқталмаған сөйлем» әдісі<br>1. Қазақстан-..................., ................., ................. мемлекет.<br>2. Елімізде ..................................ұлт өкілі тұрады.<br>3. Қазақстанда тұратын халықтар арасында ..................................., ......................қарым-қатынас орнатылған.<br>4. Әр облыста этномәдени топтардың салт-дәстүрін, мәдениетін сақтауға арналған ........................ үйлері бар.<br>5. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ............................................................................................................................................................................... ұйым.<br>2-тапсырма. Достық, жолдастық тақырыбындағы мақал-мәтелдерді еске түсір. Оларды қатыстырып, ауызша шағын мәтін құрап айт.<br>3-тапсырма «Менің Отаным- көпұлтты Қазақстан» тақырыбында диалог құрыңдар. | Слайд №4<br>Слайд№5<br>Слайд№6 |
| Сабақтың соңы<br>(2 мин) | Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар:<br>Кері байланыс<br>«3-2-1» әдісімен 3 маңызды мәселе<br>2 жаңа ақпарат<br>1 қорытынды түйін жасайды. | Слайд 7<br>Слайд 5 |
| Рефлексия<br>(3 мин) | Рефлексия: «Достық бәйтерегі» татулық, достық, бірлікке қатысты бүгінгі сабақтан түйген өзіндік ойларыңды жазып іліңдер.<br>Үйге тапсырма: «Ырыс алды-ынтымақ» деген тақырыпта шағын эссе жазып келіңдер. | Слайд 7<br>Слайд 5 |